

«Дарын» РҒТО желісіне кіретін білім беру мекемелерінің оқушылары арасындағы Ұлттық эвристикалық мобильді олимпиадасы туралы ереже

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі
3. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже Мобильді олимпиаданың мақсаттарын, өткізу тәртібін, рәсімін, Мобильді олимпиадаға қатысушылар арасында Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау және марпаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Толық атауы: «Дарын» Ұлттық эвристикалық мобильді олимпиадасы (бұдан әрі – «Олимпиада»);

1.3. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері оқушылардың логикалық ойлану деңгейін, мағлұматтылығын және Қазақстан Республикасының тілдері мен мәдениеті туралы тәжірибелік білім деңгейлерін анықтау, сонымен қатар оқушылардың «онлайн» олимпиадалар технологиясын меңгеру дағдыларын айқындау болып табылады;

1.4. Олимпиадаға «Дарын» РҒТО желісіне кіретін білім беру мекемелерінің 5 - 11 сынып оқушылары қатысады;

1.5. Олимпиада 5-6 сыныптар, 7-8 сыныптар, 9-10 сыныптар, 11 сынып болып, жас деңгейінің бес санатында өткізіледі;

1.6. Олимпиада тапсырмалары 4 тақырыпқа бөлінеді: Логика, Тілтану, Жер және ғарыш, Қазақстан мәдениеті;

1.7. Олимпиада тапсырмаларын шешуге берілетін жалпы уақыт **30** минуттан тұрады;

1.8. Олимпиаданы «Дарын» Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы (бұдан әрі «Ұйымдастырушы») жыл сайынғы негізде өткізіледі;

1.9. Олимпиаданы ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді үйлестіруді «Urker-Mitec» Зияткерлік даму платформасы (бұдан әрі – «Үйлестіруші») жүзеге асырады;

1.10. Олимпиада туралы, оған қатысу кестесі және тәртібі туралы ақпарат www.daryn.kz және www.mitec.kz сайттарында жарияланады;

1.11. Егер Қатысушы ақпаратты бейресми тәртіпте алған болса, Ұйымдастырушы және Үйлестіруші Олимпиада туралы дұрыс емес ақпарат алғаны үшін жауапкершілік артпайды.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Олимпиада Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде бір уақытта Үйлестіруші платформасында «Онлайн» режимде өткізіледі;

2.2. Олимпиадаға қатысуға тілек білдіретін білім беру мекемелері қатысушыларды қатысу жағдайларымен қамтамасыз етуге міндетті (Білім беру мекемелеріне арналған нұсқауға сәйкес);

- 2.3. 4. Тапсырмаларды алу үшін, Қатысушы **2017 жылдың 17 қарашасына дейін** «Urker - Mitec» қосымшасында немесе www.mitec.kz сайтында тіркелуі тиіс (Қатысушыларға арналған нұсқауға сәйкес);
- 2.4. Тіркелу барысында Қатысушы нақты сауалнамалық деректерін: Аты-жөні, туған күні, айы, жылы, өңір, мекеменің атауы, сынып, жеке телефон нөмірі, e-mail көрсетуге міндетті және Қатысу шарттарымен танысуы тиіс (жеке кабинетке кіру құпиясөзін Қатысушы өзі таңдайды);
- 2.5. Үйлестіруші Білім беру мекемелерін Олимпиада өткізуге 3 күн қалғанда Қатысушыларды жеке кодтарымен қамтамасыз етеді;
- 2.6. Олимпиадаға қатысу үшін Қатысушы олимпиадалар тізімінен «Дарын» ҰЭМО таңдап, тура старт алдында олимпиада үйлестірушілері беретін «Қатысушының жеке кодын» енгізуі тиіс;
- 2.7. Олимпиада тапсырмаларын Қатысушы олимпиада старты сәтінде барлық қалған қатысушылармен бір уақытта алады;
- 2.8. Қатысушылардың жауаптарын тексеру және бағалау автоматты түрде жүргізіледі.
- 2.9. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Олимпиада аяқталған соң бірден анықталады;
- 2.10. Олимпиада қорытындылары www.daryn.kz және www.mitec.kz сайттарында жарияланады.

3. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібі

- 3.1. Оқушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелері автоматты түрде бағаланады.
Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімдері www.daryn.kz және www.mitec.kz сайттарында жарияланады.
- 3.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер болып I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталған қатысушылар саналады.
- 3.3. Өз жас санаттарындағы олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III санаттағы естелік сыйлықтарға ие болады.
- 3.4. Жеңімпаздар (жүлдегерлер) үшін «Дарын» РҒТО-ның I, II, III дәрежелердегі дипломдарын «Urker –Mitec» қосымшасындағы қатысушысының жеке кабинетінен алуға болады. Жеңімпаздың (жүлдегердің) сыйлықтары Қатысушының профилінде көрсетілген қаладағы/аудандағы білім беру бөлімінің мекенжайына пошта арқылы жіберіледі.
- 3.5. Олимпиада қорытындылары бойынша ең жоғары жалпы командалық рейтингке ие болған он оқу орны «Дарын» РҒТО дипломдарымен және кубоктарымен және Ұйымдастыру комитетінен естелік сыйлықпен марапатталады.

«Дарын» ҰЭМО ұйымдастыру комитеті